

**Әкімдіктің 2011 жылғы 30 желтоқсандағы № 371 "2012 жылға Алтынсарин ауданының әкімшілік аумағында тұратын халықтың нысаналы топтарын анықтау туралы" қаулысына толықтыру енгізу туралы**

Қостанай облысы Алтынсарин ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 16 сәуірдегі № 92 қаулысы. Қостанай облысы Алтынсарин ауданының Әділет басқармасында 2012 жылғы 14 мамырда № 9-5-145 тіркелді

"Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 5 бабының 2 тармағына, 7 бабының 2) тармақшасына және "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне пробация қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 15 ақпандағы Заңына сәйкес Алтынсарин ауданының әкімдігі

**Қ А У Л Ы**

**Е Т Е Д І :**

1. Әкімдіктің "2012 жылға Алтынсарин ауданының әкімшілік аумағында тұратын халықтың нысаналы топтарын анықтау туралы" 2011 жылғы 30 желтоқсандағы № 371 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9-5-137 тіркелген, 2012 жылғы 2 ақпанда "Таза бұлақ - Чистый родник" газетінде жарияланған) келесі

толықтыру

енгізілсін:

жоғарыда көрсетілген қаулының қосымшасы:  
келесі мазмұндағы 18 тармағымен толықтырылсын:

"18. Қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар."

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*Б. Ахметов*